



Панфилов ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 394 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 27 тамызда N 2-16-93 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 қарашадағы N 799 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2011.11.28 N 799 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-4 тармақшасына, 18-1 бабының 4-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде жұмыс берушілермен келісім шарт жасау үшін "Панфилов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Азат Жапарұлы Жақыбай) өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Раев Амантай Әбдіқадырұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Келемсейіт

Панфилов

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

"23"

шілдедегі

"Панфилов

ауданы

бойынша

әлеуметтік

жұмыс

орындарын

ұйымдастыруды

ұсынатын

жұмыс

берушілерді

іріктеу

тәртібі

туралы"

N

394

қаулысына

қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу ТӘРТІБІ

1. Жалпы ереже

1. Осы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі (әрі қарай – Тәртіп) Қазақстан Республикасының Заңдармен нысаналы топтағы халықтың жұмыспен қамтылу шараларын кеңейту мақсатында дайындалған.

2. Осы Тәртіп өтінішпен келген нысаналы топтағы халықты жұмыспен қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуын, жеке қаржыландыруын анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын ұйымдармен негізгі шарттар және есептеу жүйесін реттейді.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан тұлғаларға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамту және сақтандыру заңдары таратылады.

2. Жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілер келесі ерекшеліктер бойынша іріктеледі:

1) әлеуметтік жұмыс орындары нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарға арналуы тиіс;

2) әлеуметтік жұмыс орындары уақытша болғандықтан, оны ұйымдастыру үшін тұрақты және бос жұмыс орындары пайдаланбауы тиіс;

3) жұмыс берушілердің жұмысты жартылай жұмыс күнін пайдалану арқылы немесе ыңғайлы кесте бойынша ұйымдастыруға мүмкіндігі бар;

4) әлеуметтік жұмыс орындары экономикалық және әлеуметтік жағынан пайдалы болуы керек.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға тілек білдірген жұмыс берушілер "Панфилов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері көрсетілген келісім шарт жасайды.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру шарттары және көздері

6. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғаларға еңбек заңдылықтарын сақтай отырып, еңбек келісім шартына сәйкес және атқарылатын жұмыстың көлеміне, сапасына, күрделілігіне байланысты еңбек ақы төлеу ай с а й ы н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Жұмыс берушінің жұмыссыздарға төлейтін тиісті өтемақы шығындары Панфилов аудандық бюджетінде қарастырылған қаражат көлемінде жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды және қаржыландыруды бақылау

8. "Панфилов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыруды бақылауды заңнамамен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.